«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат, тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область, 130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100, тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

05.02.2018 № 02-09/2015

ЖК «Собко»

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаментіне *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің, 16.01.2018 жылғы №1269 санды өтінішіңізде көрсетілген мәнжайлар бойынша келесіні хабарлайды:

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V санды «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының *(бұдан әрі - Заң)* 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы №598 санды бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес, Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «№1 Ақтау қалалық емханасы» ШЖҚ МКК-мен өткізілген №2137015-1 санды **«Мұздату және ұқсас жабдықтарды техникалық қызмет көрсету»** жөнінде өткізілген мемлекеттік сатып алудың электрондық ашық конкурсы бойынша камералдық бақылау жүргізіліп нәтижесінде, заң бұзушылықтар анықталды.

Атап айтқанда: Тапсырыс беруші тарапынан Қазақстан Республикасының 04.12.2015 жылғы №434 санды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі-Заң) 20-бабының 1-тармағының талаптары сақталмай, №2137015-1 санды өткізілген конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігіне әлеуетті өнім берушілер шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін яғни **қызмет атаулары:** *Кондиционерлер мен сплит жүйелерге техникалық қызмет көрсету мен жөндеу және Тоңазытқыштарға техникалық қызмет көрсету мен жөндеу – 110 дана* бойынша міндетті түрде лоттарға бөлмей бұзушылықтарға жол бере отырып, аталған конкурстық құжаттама негізсіз жарияланған.

Сонымен қатар, Заңның 9-бабының 6-тармағына сәйкес, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) тартуды көздейтін әлеуетті өнім беруші жұмыстарға не көрсетілетін қызметтерге тартылатын қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) осы баптың 1-тармағында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға тиіс құжаттарды ұсынатындығы көзделген.

Заңының 10-бабының 1-тармығының 1-тармақшасында әлеуетті өнім берушінің және (немесе) ол тартатын жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерінің (бірлесіп орындауышысының) біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін құжат (құжаттар) ұсынбаған жағдайда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айтылған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 санды «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы» Бұйрығының 150-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылған) егер – әлеуетті

өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресуртарын иемдену бөлігіне сәйкес келмеуі анықталған жағдайда конкурсқа жіберілмейді.

Бұл ретте, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Осыған сәйкес, тапсырыс берушінің тарапынан өткізілген конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде әлеуетті өнім берушілерге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін:

- өнім берушіде материалдық-техникалық базасы болуы тиіс – исполнитель должен иметь материально техническую базу;

- тоңазытқыштарға және кондиционерлерге қызмет көрсету мен жөндеуге арналған кем дегенде 1 бірлік құралдар мен жабдықтардың болуы қажет: (фреонның сапалығын тексеретін тестер, фреонның кеміп қалуын анықтайтын детектер, және тб), өлшеуіш құралдар, арнайы транспорт (МШТС), растайтын құжаттарымен бірге – необходимый инструмент и остнастку для ремонта и обслуживания холодильников и кондиционеров не менее 1 единиц: (тестер качества для фреона, детектор обнаружения утечек, и т.д.), измерительное оборудование, транспорт (МШТС), с подтвердающими документами.

Алайда, конкурстық комиссия мүшелерінің тарапынан аталған конкурстық құжаттамаға ЖК «Собко» жоғарыдағы жеткілікті материалдық техникалық, жабдықтардың және техниканың растайтын құжаттарын толықтай ұсынбау себебінен конкурсқа қатысуға жібермеу туралы шешімі **негізді.**

Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10, 12-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетіне немесе сотқа шағым жасауға құқылы екендігіңізді қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Ж.Садыков
тел.: 31-90-92